Аялаймын сені, Қызылорда!

# Ақмешіт апталығы

6 қаңтар сенбі
№2 (2012)
2024 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

**Біз қалайық, қаламайық, айтайық, айтпайық бәрібір Қазақстанның экономикасы мұнайға тәуелді екені жасырын емес. Сол себепті де әлемдік нарықтағы мұнай бағасына алаңдап отырамыз. Оның үстіне қара алтынның бағасына түрлі әлемдік фактордың әсер ететіні тағы бар.**





# МҰНАЙ НАРЫҒЫНА ӨСІМ МЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚ ҚАЖЕТ

Дүниежүзіндегі сауда айналымына кері әсер ететін жағдайдың бірі – соғыс. Соғыстың да түр-түрі бар. Қару алып, әскерді ұрандата алға шабатын майданнан бөлек, экономикалық соғыс та болады. Тіпті экономикалық қыспақ та, қақтығыс та бар. Украина жеріне қаруын асынып, баса-көктеп кірген Ресей батыстың қарсылығы мен қыспағына тап болды. Украинаны жақтаған елдер Ресейдің мұнайынан да бас тарта бастады. Бұған Газа секторындағы жағдайды қосыңыз. Ол аздай Венесуэла мен Гайана арасындағы территориялық дау-дамай да мұнай өндіруші елдерді алаңдатып отыр. Индияға бүтін жұтылған Кашмир қасіреті де, әлі де болса бейбіт өмір орнай қоймаған ауған аласапыраны да әлемдік саудаға әсер етпей қоймайды. Осындай алмағайып сәтте мұнай нарығының ахуалы қалай болмақ?

2-БЕТТЕ

# ЖАҢАРҒАН ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛЫНА БАРДЫҢЫЗ БА?

**Қызылорда теміржол вокзалы – өткен ғасырдың басында ерекше архитектурамен салынған нысан. Тоғыз жолдың торабында орналасқан, әр тараптан келген жолаушыларды тоғыстыратын шаһардың бас қақпасы.**

Айта кетейік, Сыр өңірінен өтетін магистральді теміржол желісінің жалпы ұзындығы 1051,7 шақырым. Аймақта бірнеше теміржол вокзалы жолаушыларға қызмет көрсетеді. Облыс аумағынан барлығы 16 жұп жолаушы пойызы өтеді. Оның ішінде Петропавловск, Павлодар, Көкшетау, Семей және Түркістан қалаларына 5 жұп жолаушы пойызы ұйымдастырылған. «Қызылорда-Бесарық-Түркістан» жолаушылар пойызының қызметі облыстың оңтүстік бағытындағы 26 елді мекенді қамтиды.

Жолаушыларға қызмет көрсетіп келе жатқан теміржол вокзалына былтырдан бері «Қазақстан темір жолы» компаниясымен бірлесіп, қайта жаңғырту жұмысы жүргізілді.




Соған орай апта барысында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен қала әкімі Асылбек Шәменов, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемов, Мәжіліс депутаты Мұрат Ергешбаевпен бірге қайта жаңғыртудан өткен теміржол вокзалына барып, жөндеу жұмысымен танысып қайтты.

Тарихи ғимаратты қайта жаңғыртуға «Қазақстан Темір Жолы» компаниясынан 322 млн теңге және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігі есебінен 255 млн теңге қаржы бөлінді. Эскиздік жобаға сәйкес ғимараттың сыртқы бетіне травертин плиталарын монтаждау, шатырын, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған пандустарды, суағарды, су, кәріз және жылу жүйелерін жөндеу, қала жақ бетін көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Ішкі бөлмелері жөнделді. Мұнан бөлек, 2 жолаушылар платформасына жаңадан асфальт төселіп, төрт көзді 10 жарық шам орнатылды.

Екінші ғимарат та әдемі кейіпке еніп, әкімшілік ғимаратының сырты әрленіп, есіктері ауыстырылды, 200 шаршы метр шатыры жөнделді. Ал жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен перрон және автотұрақ асфальтталып, жарық шамдар қойылды. Оған қоса вокзал маңындағы нысанның сыртқы қасбеті қапталды.

**P.S.** Міне, Қызылорда қаласындағы бірденбір тарихи орын саналатын ғимараттың бірі – теміржол вокзалы да жаңаша кейіпке енді.

**Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ**

# ҮШ РЕТ ҮЗДІК АТАНҒАН КОЛЛЕДЖ



3-БЕТТЕ

**«Минимализм» ұғымының да қазақ қоғамына енгеніне көп бола қойған жоқ. Соңғы кезде сәнге айналған бұл стиль дизайн, архитектура саласында кеңінен қолданылып жүр. Ал әзірге өмір салтымызға минимализм дендеп енді деп айтуға әлі ерте сияқты.**



# МИНИМАЛИЗМ
## немесе «қоя жесең қой қалар»...

Минимализм ұғымы алғаш рет өткен ғасырда өнері, архитектура мен дизайн, философия салаларында пайда болғанмен, XXI ғасырда өзекті тақырып ретінде жиі айтыла бастады. Бұған уақыт талабы да әсер етсе керек. Ақпараттық ғасырда адамның өмірге деген көзқарасы да, ұстанымы да өзгерді.

2-БЕТТЕ




THE WALL STREET JOURNAL.

# Иран: елді есеңгіреткен жарылыс

**Геосаяси ахуал кезінде оқиғалардың өзара интеграциясы мен символикалық ымын бақылаған қызық. Мысалы, кешелі бері әлемдік ақпарат агенттіктері жарыса жазған Ирандағы жарылыс та «кезегі келген» сұмдықтың бірі еді. Олай дейтініміз, Иранның ядролық бағдарламасындағы прогресс, Ливандағы «Хезболла» азаттық қозғалысының Израильге қатері, Қасым Сүлеймани қабірі, теракт күніне дейін – бәрі домино әдісімен тізбектелген қадам. Ендеше, аталған оқиғаны кезегімен тарқатып, жарылысқа нендей қатысы барын сараптап көрелік.**



Алдымен мақала өзегіне айналған оқиғадан бастайық. 3 қаңтар күні Иранның оңтүстігіндегі Керман қаласында әйгілі қолбасшы, Иран революция сақшылары корпусының бұрынғы командирі Қасым Сүлейманиді еске алу жоралғысы өтті. Діни рәсім кезінде Қасым Сүлеймани қабірі маңында екі жойқын жарылыс болып, 103 адам қаза тапқан. Ел билігі жарылысты теракт деп атап, айыптыларды жазалауға уәде берген болатын.

Аталған тақырып қызу талқы тудырып, ғаламдық басылымдар жарыса жазды. Солардың қатарында The Wall Street Journal басылымының тілшісі Джаред Малсин де бар. Ол «Сүлеймани мемориалында 95 адам қаза тапты» деген атаумен зерттеу жұмысын жариялаған. Зерттеуде жарылыстың нақты аймағы, қылмыскердің болжамды әрекеті, билік позициясы туралы толымды пікір жинақтағанға ұқсайды. Тіпті арнайы инфографика әзірлеуі оқиға орнында сенімді дереккөзі барын айғақтаса керек.

«Керман шаһарында болған жарылыстан 150-ге жуық адам қаза тапты. Зардап шеккендердің басым дені – Қасым Сүлейманидің мемориалына діни жоралғы жасауға келген халық. Республикалық арналардан мәлімдеме жасаған сыртқы істер министрі Ахмад Уахиди бұған ұйымдасқан әрі тыңғылықты дайындалған қылмыс деген айдар тақты. Оның сөзінше, алғашқы жарылыс жергілікті уақытпен 15:00 шамасында болса, кейінгісі араға 20 минут салып жарылған. Аумағы да белгілі. Біріншісі Сүлеймани мемориалы жанында болса, екіншісі Сахеб әл-Заман мешітіне жақын маңда жарылған.

Аталған мәліметтер біздің дереккөзбен де сәйкес келеді. Тек кезегі өзгеше. Қолда бар ақпаратқа сенсек, алғашқы жарылыс Сахеб әл-Заман мешітінен 700 метрдегі «Құрбандар гүлзарына» барар жолда болса, соңғы жарылыс Қасым Сүлеймани қабірінен шақырым қашықта болған», – дейді тілші.

Бүгінде күн сайын қаза болғандар саны артқанын байқауға болады. Әсіресе марқұмдар саны туралы мәлімет елішілік ақпарат құралдары мен әлемдік БАҚ-та түрлі тарауда. Алайда ұзын саны 150-ге жуық адамның жан тапсырған қос дереккөз де растап отыр.

Мақала авторы Джаред Малсин о баста қайғылы жағдайға Таяу Шығыстағы содырлардың қатысы барын меңзеген. Тіпті мұндай ауқымды қадамды салмағы басым ұйым жасауы мүмкін екенін де жасырмады. Міне, көп өтпей, Ирандағы жарылысты «Ислам мемлекеті», яғни «ДАИШ» (ҚР-да тыйым салынған ұйым) баскесерлері мойнына алып, мәлімдеме жасады. Бұл журналистің ақпаратты талдау тәжірибесі мен геосаяси жағдайды бағамдау қабілетінің деңгейін көрсеткендей.

Оқиғаның Қасым Сүлеймани, Израиль, ядролық бағдарламаға қатысты қанатына өтпес бұрын, Джаред Малсин туралы тақырыпты түйіндеу жөн секілді. Себебі әлемдік басылымның дәл осы тілшіге зерттеу жұмысын тапсыруы тегін емес. Ол ұзақ жыл Таяу Шығыс пен ислам мемлекеттерінде болып, талдау жасауға дағдыланған. Каир, Ыстамбұлдағы редакцияда қызмет етуі, араб тілін жетік білуі жергілікті әлеуметтік-саяси жағдайды дөп басуға септескен. Түркиядағы кезеңде Ирак пен Сирия содырларының көзқарасын таныса, Каирде Таяу Шығыстың ішкі-сыртқы қатынасын зерттеді. Мемлекеттік төңкерістер, жер дауы турасында көлемді мақала әзірлегенімен де қадірлі. Сондықтан аталған тілшінің ақпаратын шындыққа жақын мәлімет деп қабылдауға болады.

4-БЕТТЕ

# МҰНАЙ НАРЫҒЫНА ӨСІМ МЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚ ҚАЖЕТ

Сарапшылардың сөзіне сенсек, мұнай бағасы барреліне 120 долларға дейін көтеріледі екен. Бұл – FITCH атты американдық корпорация сарапшыларының пікірі. Олар Израиль-Палестина қақтығысына ерекше көңіл бөлген. FITCH-тің өткен жылдың қыркүйек айындағы болжамында биыл мұнай бағасы 75 долларға дейін баратыны, келер жылы керісінше арзандап, 70 долларға дейін төмендейтіні жазылған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымы Ш.Болыспаевтың «Әлемдік мұнай бағасының Қазақстан жанармай нарығына ықпалы» атты еңбегінде еліміздің тұрақты және бірқалыпты дамыған мұнай-газ кешені бар мемлекет екені жазылған. Бұл Қазақстанның мұнай мен табиғи газды өндіруші елдер қатарына кіруіне өз септігін тигізіп отыр. Зерттеу жұмысына зер салсақ Қазақстанның 2011 жылдағы мұнайды өндіру көлемі 80,06 миллион тоннаны құраған. Одан бері де 13-14 жыл уақыт өтті. Республикамыз мұнай өндірісін азайтқан жоқ. Нақтырақ айтсақ, өткен жылдың 26 желтоқсанында Сенат отырысынан кейінгі кулуарда Энергетика вице-министрі Асхат Хасенов журналистерге «Биыл 90 млн тонна мұнай өндіреміз деп отырмыз. 2024 жылы да 90 млн тонна мұнай өндіріледі деген жоспар бар», – деген еді.

Қарап отырсақ, мұнай өндірісі өзіндік тұрақтылығын сақтап, едәуір артқан. «Егемен Қазақстан» газетінің 2024 жылғы 4 қаңтардағы санына жарияланған Абай Аймағамбеттің «Мұнай нарығын қандай өзгеріс күтеді?» атты мақаласында мұнайға деген жалпы әлемдік сұраныс орташа алғанда 2023 жылы күніне 102,1 млн баррель, ал 2024 жылы күніне 104,4 млн баррель болады деген болжамның бар екені жазылған.

Әлемде AERC атты экономикалық зерттеулер орталығы бар. Осы орталық сарапшыларының пікірінше, 2023 жылы сұйық көмірсутек жеткізу өсімінің басты драйверлері ретінде АҚШ, Бразилия, Қазақстан, Норвегия, Гайана,

Басы 1-бетте



Мексика және Қытай екені көрсетілген. Бұл тізімнің алдағы уақытта да осылай қалатыны да негіз етілген. Мамандар биыл да бұл елдердегі өндірістің артатынын алға тартып отыр. Демек, Қазақстандағы мұнай өндірісі тұрақты дамиды деген сөз.

Мамандар болжамын алға тартып, мұнай нарығының биыл да елге пайдалы болатынын сөз еттік. Бұл – жалпы көрініс. Республикадағы мұнайлы аймақтардан Қызылорданы жекедара алсақ, мұнай өндірісі жылдан-жылға азайып барады. Қызылорда облысын Қырымбек Көшербаев басқарған тұста да айтылды осы жайт. Сөзіміз дәйекті шығуы үшін 2017 жылдың ақпан айында облыстық «Сыр бойы» газетіне жарияланған «Қызылорда облысының 2016 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындыларын» алға тартайық. Онда: «2016 жылы өнеркәсіп өндіріс өнімінің көлемі 645,1 млрд теңгені құрады, бұл 2015 жылғы көрсеткіштен 9,8%-ға кем. Оған барланған мұнай кеніштеріндегі қордың сарқылуына байланысты өнім өндіру көлемінің азаюы және әлемдік мұнай бағасының арзандауы ықпал етіп отыр. 2016 жылы барлығы 7,7 млн тонна мұнай өндіріліп, 2015 жылмен салыстырғанда 1,3 млн тоннаға немесе 2014 жылмен салыстырғанда 2,2 млн тоннаға кеміді. Өңірдің мұнай өндіруге тәуелділігін ескере отырып, сонымен қатар экономика құрылымын өзгерту біршама уақытты талап ететіндігіне байланысты минералды-шикізат базасын әрі қарай дамыту және жаңа кен орындарын игеру жұмыстары жалғасуда», – деп жазылған.

Бұл мәселені сенатор Руслан Рүстемов те, мәжілісмен Мархабат Жайымбетов те көтеріп жүр. Бірі Сенатта, бірі Мәжілісте мәселені майшаммен қараған халық қалаулылары Үкімет назарын аудару үшін күш салуда. Рүстемов Үкімет басшысы Әлихан Смайыловқа, ал Жайымбетов Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға депутаттық сауал да жолдады.



Қолда бар деректерге сүйенсек, Қызылорда облысында мұнай өндіру көлемі төмендеп кеткен. Облыста 2013 жылы 10,5 млн тонна мұнай өндірілсе, 2023 жылы болжамды деректер бойынша 3,5 млн тоннаны құраған. Оның үстіне Қызылорда облысындағы мұнай өндіруші компаниялар мұнай өнімдерінің 80% ішкі нарыққа, қалған 20% экспортқа өткізуде. Ішкі нарыққа кеткен соң бағасының да арзан болатыны жасырын емес.

«Торғай-Петролеум» компаниясының бас инженері Дінмұхаммед Құдайбергенов те Сырдағы өндірілетін мұнайдың көлемі еселеп азайғанын жеткізді. Дегенмен геологиялық барлау жүргізіліп, мұнайдың жаңа қорлары іздестірілуде.

– «Торғай-Петролеум» АҚ 1995 жылы құрылған компания. Бұл мекеме Құмкөл кен орнындағы жер қойнауын пайдаланушы болып саналады. Кәсіпорын мұнай мен газды барлау, игеру, өндіру, тасымалдау, сыртқа шығару және өткізу жұмысымен айналысады. Қызылордадағы осы бір ғана «Торғай-Петролеум» акционерлік қоғамын алатын болсақ, 2007 жылмен салыстырғанда 2022 жылы мұнай өндіру көлемі 12 есе азайған. Нақтырақ айтқанда, 3,5 миллион тоннадан 277 мың тоннаға түсіп кеткен. 2023 жылы компанияға жаңа басшы келіп, жаңа кен орындарындарын анықтау мақсатында барлау жұмыстары қарқын алды. Дегенмен сарқылатын кен орындарын игеріп жатқан мұнай өндіруші компанияларға салық жеңілдіктері, Қазақстанда жоқ технологияларды әкелу үшін импорт бажынан босату, арнайы өндіріс аймақтарына инвестиция тарту секілді бірқатар демеу мен жеңілдік қажет. Бұл экономикалық тұрғыдан өндірістің тиімділігін арттыру үшін керек, – деді Дінмұхаммед Құдайбергенов.

Экономикасы қара алтынға байланған Қазақстандай ел үшін мұнай нарығындағы тұрақтылық пен өсім аса маңызды. Біз мамандар болжамы дәл келіп, Қазақстанның мұнай өндіруші елдер арасындағы абыройы аласармасын деген тілекпен тізгінді тартамыз.

**Әзиз ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ**

---




Алақандағы сенсордан кімнің қалай өмір сүріп жатқаны, қандай үйде тұратыны, киген киімі, той жасағанын алаңсыз тамашалауға мүмкіндік туған заманда жұрт өз табысына қарай өмір сүруді емес, «жаяудың аттыға ергеніндей» күй кешуде. Оның үстіне әлеуметтік желі арқылы өз бизнесін жүргізгендер жалт-жұлт еткен жарнамамен тұтынушыны өзіне тартып әлек. Одан қалды жақсы өмір сүруге, бар жақсыға лайықсың» деп ұрандатқан коучтардың қымбат сабағы да елді ұйытып, қызылды-жасылды дүниеге құмарлығын оятып құлқынға қызмет етуді үйретті. Нәтижесінде қарызға батқан елге қаржылық сауат керегін түсіндік. Демек, дәл қазір қазақ үшін де өмір салтына минимализмді енгізу қажет.

Жалпы минимализм қазаққа жат ұғым ба? Минимализмнің негізгі мақсатын зерттей бастасақ, мұның бәрін атам қазақ баяғыда айтып кеткен ғой дейтініміз шындық. Қазақ айтқан «Көрпеге қарай көсілуді» ұмытып кеткен қазақ қоғамына қарызсыз өмір сүруді үйрету жайын бүгінде ел Үкіметінен бастап қолға алуда. Жақында белгілі журналист, жазушы Лира Қоныстың «Қазақша минимализм немесе үйде бәрі бар» атты кітабы жарық көрді. Қоғам үшін өзекті тақырыпқа жиі қалам тербеп жүргендіктен кітапты оқығанша асықтық. Автор дамыған елдердегі минимализм мен аста-төк даңғазалықты, қазақтың ысырапқа жол бермейтін салт-дәстүрін байланыстырып, табысыңа лайық жақсы өмір сүрудің мысалын әдемі көрсеткен. Ең бастысы, «өйтпе, бүйтпе» деген ақыл айту да жоқ. Өмірлік мысалдарды алға тарта отырып, қазақ қоғамындағы дүние жарыстың соңы кедейшілікпен аяқталатынын меңзейді. Минималистер клубының мүшесі ретінде артық киім, артық зат, артық қонақ күту, тіпті артық ақпараттың өзі зиян екенін түсіндірген мысалдары көкейге қона кетеді. Тіпті өмірлік мысалдардан өзіңді көргендей болып, кітапты оқып отырып, ұяласың, ойланасың, шешім қабылдайсың. Автор айтқандай, бір жазды жалғыз көйлекпен өткізуге санамыз әлі дайын болмаса да, онлайн дүкен аралап, жеңілдіктер жарнамасын айналып өту қажетін, керекті де, керек еместі де әйтеуір бір күні керек болып қалар деген желеумен артық затты тастамайтын әдетімізден арылу қажетін қабылдадық. Автор не нәрсенің де артығымен тұрғанын жақсы көретін ұстаным әр қазақтың басындағы жағдай екенін әдемі жеткізеді.

## ШЫТ КӨЙЛЕКТІҢ ШЫҒЫНЫ

Маркетингтердің жеңілдіктер маусымына шақырған жарнамасына желігіп, киім алып қалуға тырысатындар үшін бір киіп тастар көйлектің шығыны туралы автор келтірген дәйектер кім-кімді де ойландыратыны сөзсіз. Үзінді келтірейік: «Киім-кешек индустриясы – қоқысы мол және таза суды мейлінше көп тұтынатын сала. Алпауыт зауыттар мен фабрикалар тұрғанда бір жейде, екі шұлық шығарғаннан табиғат зиян шекпес деген қате түсінік. Тамшының тас жаратыны сияқты, әлем осындай ұсақ-түйектің кесірінен тозып барады. Әлем халқын бір жыл киіндіру үшін бір жылда 79 млрд текше метр су керек. Ал күн сайын 2,7 млрд адам ауызсу тапшылығын көріп отыр. Халық ішерге қара су таппай жатқанда сонша суды сән индустриясын дамытуға жұмсап жіберу ысырап емес пе? Құны екі мың теңгелік шыт футболканы өндіруге 2700 литр су керек. Салыстырмалы түрде алсақ, бұл суды бір адам үш жыл тұтынады екен».

«Екі мың теңгелік шыт жейде үшін сонша аттандап не болды?» деген түсінбеушілік туындауы мүмкін. Минималистік пәлсапаны түсіндіру үшін біз экономикалық факторлар мен цифрлық өлшемдерге жүгінеміз. Бір дана жейде өндіру ісін талқылайық: Киім өндірісінде мақтадан иірілген мата маңызды. Мақтаның сорты, тығыздығына байланысты да шығын көбеймек. Бір жейде үшін көптеген фактор жұмыс істейді. Бірінші, мақтаны егу, өсіру уақыты. Екінші, мақта өндірісі үшін су. Мақта өсімдігі оттегімен қатар топырақтан қоректік минералдарды қатты сіңіреді. Одан әрі мақтаны шиттеу, талшықты жуу, тарау, бояу, иіру кезеңдері басталмақ. Мұның барлығы электр қуаты арқылы жұмыс істейтін машиналар арқылы іске аспақ. Өндіріс кезіндегі қоқысты, техникадан шығатын түтінді есепке алыңыз. Мақта өндірісі зиян десек, жібек матаны өндіру де жетісіп тұрған жоқ. Азияда жыл сайын мыңдаған гектар тұт ормандары жібек құртының жеміне айналады. Осы ақпараттан кейін де керек болмаса да дүкенде жеңілдік боп жатыр екен деп арзан жейдені ала бересіз бе? Сіз үшін еден сүрткіш болса да пайдалы шығар, бірақ сол трәпкі үшін ғаламның қаншалықты ластанғанын кім ойлайды? Табиғатты, жер ғаламшарын сақтау үшін қолымыздан келетіні киім сатып алмау, ескі дүниемізді тозғанша мұқият қолдану».

Басы 1-бетте

Автор келтірген дәйектер санаңызға сілкініс туғызары анық. Дегенмен бұл мысал да киімге деген қызығушылығыңызды баса алмаса да, ең болмаса ай сайын қалтаға қаншалықты салмақ салатынын әр адам есептей білсе, мүмкін ойланып қалар.

Жақында әріптесіміздің бірі «Бір жылда қанша ақшаны қайда жұмсағаныңды көріп, қандай шығынды азайтуға болатынын ойлану үшін пайдалы екен» деп «Каспий голдтағы» бір жылдық шығынды есептеу идеясын ұсыныпты. Ойланып қалдық. Шынында, жыл бойы көзге көрінбес майда-шүйде сатып алғанымыз жинала келе біраз қаржыны құрапты. Қарапайым мысал секілді көрінгенмен, жыл бойы тапқан табысыңды қайда жұмсағаныңды жобасын білу де алдағы жылдың қаржы жоспарын жүйелеуге ой салады екен.

## ТҰТЫНУ НЕСИЕСІНЕ ТОҚТАУ БОЛМАЙ ТҰР

«S&P Global Ratings» халықаралық агенттігінің сарапшыларының мәлімдеуінше қазақстандықтардың 75 пайызының тұтыну несиесі бар.

Сарапшылардың талдауына сүйенсек, 2024 жылы Қазақстанда бөлшек несиенің өсімі баяулауы мүмкін. Тұрғын үй қарызына деген сұраныстың азаюы және бөлшек сауда сегментіндегі реттеудің күшеюі ипотека және кепілсіз тұтынушылық несие көлемінің төмендеуіне ықпал етпек.

– Соңғы екі жылда қазақстандық екінші деңгейлі банктерде ипотекалық несие беру күрт өсті. Алайда оның қарқыны 2023-2024 жылдары орта есеппен 2020-2021 жылдардағы 38-47%-дан –12-15%-ға дейін төмендейді деп болжаймыз. Ұзақ мерзімді болашақта кейінгі бірнеше жылда байқалған құрылымдық өзгерістер есебінен тәуекел құны орташа есеппен 1% шамасында тұрақтануы мүмкін», – деп есептейді агенттік сарапшылары.

Қазіргі кезде Қазақстандағы жеке тұлғалар алған несиенің жалпы көлемі 18 трлн теңгені, ал қарыз алушылардың саны 8 миллион адамды құрайды.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің басшысы Мәдина Әбілқасымованың айтуынша, соңғы 3 жылда тұтыну несиесін алуда өсім байқалған.

– Ұлттық банктің дерегіне сәйкес, 2021 жылдан бастап кепілсіз тұтынушылық кредиттердің орташа жылдық өсуі 33%-ды құрады. Соңғы 8 айда тұтынушылық кредит портфелі 9,2 трлн теңгеден асты», – дейді ол.

## ҚАРЫЗСЫЗ ӨМІР СҮРУ МҮМКІН БЕ?

Халықтың қарызға белшеден батуы – бүгінгі күннің көкейкесті мәселесі. Қазір «қалай қарызды көбейтіп алғанымды білмей қалдым. Майда-шүйде несие ала берген екем. Жауып тастаймын деп ойладым» дегенді екінің бірінен естисіз. Қарызға батқан елдің қаржы сауатын арттыру мақсатында «AMANAT» партиясы «Қарызсыз қоғам» жобасын жүзеге асыруда. Партияның Қызылорда қалалық филиалының атқарушы хатшысы, экономист-ғалым Гүлшат Мұсаева көпшілігі несие алғанда оның пайызына бас қатырмайтынын айтады.

– Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, 2022 жылы еңбекке жарамды 5 қазақстандықтың төртеуінде несие болған. Қаржылық сауатсыздықтың салдары орасан. Қарызы көбейе берген соң несиеге барып ұрынады. Көп кездесетін жайт – несие алған кезде азаматтарымыз банктің пайыздық мөлшерлемесін есептеп жатпайды. Мысалы, жобаға қатысушылардың 63,1%-ы несие бойынша пайыздар мен артық төлем мөлшерін білмеген. 38%-ы отбасының жалпы орташа табысы 70 мың теңге көлемінде ғана бола тұрып, банктерден және шағын қаржы ұйымдарынан 2-ден 4-ке дейін несие алған. Соның салдарынан ай сайынғы берешегі табысынан асып түсіп жатады. Бұл жағдайда не істейді? Әрине, қарызын төлей алмаған соң ол адамның есепшоты бұғатталады. Тіптен, 13,8%-ның 10-нан астам несиесі бар. Сонымен қатар мұндай санаттағы адамдардың қатарында алаяқтарға алданып қалғандар да, құмар ойындарға тәуелді болғандар да кездеседі. Ол бөлек әңгіме. Жалпы қарызға бату мәселесін жан-жақты қарауымыз керек. «Қарызсыз қоғам» бағдарламасы бойынша оқыту мақсатында 60 сарапшы, 18 заңгер жұмыс істеп жатыр. Сарапшылар 45 адамға банкроттыққа өтуге көмектескен және 1181 адам реструктуризация жасап, 2551 депозит ашылған.

Несие алғанда да келісімшартын мұқият оқып, саналы түрде шешім қабылдасын деген ой келеді. Бұл жобаға банктер де қызығушылық танытып отыр және оның өзіндік себебі бар. Мысалы, бізге халықтың қаржылық сауаты артқаны, ал банкке несие алған адамның ай сайын несиесін төлеп, банктің бюджетін толтырып отырғаны керек. Әйтпегенде, олар да борышкерлердің артуынан шығынға батып жатыр, – дейді ол.

## НЕСИЕ ТАЛАБЫ КҮШЕЙЕДІ

– Мен азаматтарымыздың қарызға белшеден батқанына қатты алаңдаймын. Себебі бұл мәселе жұрттың әлеуметтік жағдайына және еліміздегі қаржы жүйесінің тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Мен 2019 жылы Мемлекет басшысы ретінде қол қойған алғашқы құжаттың бірі қиын жағдайға тап болған азаматтардың борышын азайту туралы Жарлық еді. Сол уақытта 500 мың адамның кепілсіз алған несиесі кешірілді. Бұл бірреттік шара болатын. Ал 2023 жылы жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң күшіне енді. Мұның бәрі мәселенің ушығып кетпеуіне ықпал етті. Осы жағдайды түбегейлі өзгерту үшін былтырғы Жолдауымда Үкіметке тың шараларды қолға алуды тапсырдым.

Негізінен, бұл жағдайға жұрттың қаржылық сауаттылығының төмендігі себеп болып отыр. Екінші жағынан, тұтыну несиесін беру тәртібін және коллектор ұйымдарының қызметін қатаң реттеу керек», – деді Президент.

Мемлекет басшысы сол үшін нақты шаралар қолға алынып жатқанына тоқталды.

– Мысалы, соңғы жылдары банктер мен микрокредит ұйымдарына қойылатын тұтыну несиесі капиталының көлеміне қатысты талаптар бес есе күшейтілді. Төлеу мерзімі өтіп кеткен берешегі бар адамдарға несие беруге тыйым салынды. Сондай-ақ қарызын уақытылы өтей алмаған борышкерге 90 күннен әрі айыппұл салуға болмайды. Коллектор агенттіктеріне тұрақты тексеру жүргізіледі.

Борышкерлер құқығын қорғау үшін несие беру туралы заңнамаға енгізілетін түзетулер әзірленді. Бұл өзгерістер банктерге, микрокредит ұйымдарына және коллектор агенттіктеріне талапты одан да күшейте түседі. Несиелерді коллектор компанияларына сатуды шектеу ұсынылады. Коллектор компаниялары қарызды өзіне алған соң мәселені реттеп көруге міндетті болады. Банк омбудсменінің өкілеттігі де кеңейтіледі. Қазір бұл құжатты Мәжіліс депутаттары қарап жатыр. Мен бұл бастаманы қолдауға дайынмын, – деді Мемлекет басшысы.

## ҚАЗАҚҚА ЖАТ ЕМЕС

Сөз басында айтқан минимализм ұғымы қазаққа жат емес. Қазақ қашанда үнемдей біліп, ысырапқа жол бермеген. Бүгінгі сәнге айналған минимализмді қазақ бір-ақ ауыз сөзбен «Тарта жесең тай қалар, қоя жесең қой қалар, қоймай жесең нең қалар?!» деп түйіндеген ғой. Ал бүгінгі тілмен айтқанда, әр қазақ минимализмді өмір салтына енгізе алса, көп мәселеден құтылар еді. Мамандар пікірінше, минимализмнің қоғамға пайдасы көп. Біріншіден, адамдар күйзеліске түспейді, екіншіден, уақытқа да үнем, үшіншіден, құндылықтар өзгереді, адамның энергия жұмсауында тепе-теңдік сақталады, ақша жинауға мүмкіндік туады. Ең бастысы, жайлы да тыныш өмір сүруге болады.

**Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА**







# ҮШ РЕТ ҮЗДІК АТАНҒАН КОЛЛЕДЖ

**Биылғы «Білім айнасы» бетінің бірінші мақаласын тоқсан екі жылдық тарихы бар М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің жетістіктерінен бастадық. Заманауи білім беру мен кәсіптік даярлауды бағдар тұтқан, қазіргі жаһандану ғасырындағы қоғамдық-әлеуметтік өзгерістерге сай бәсекеге қабілетті, кәсіби білікті маман даярлауды басты межесіне айналдырған, білім саласындағы бірегей іргелі оқу орнының бірі.**

## ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗДАРЫ БАР

Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беруде, балалардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіріп, келешегіне бағыт-бағдар сілтеуде ұстаздың еңбегі орасан зор. Баланың қиялын көкке көтеретін де жақсы ұстаз. Сондай ұлағатты ұстаздардың ұясы – Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі. Иә, білікті маман дайындауда бірінші кезекте оқытушылардың орны ерекше.

Заман талабына сай әрбір ұстаздың шеберлігі мен жетістігі – сапалы білім мен саналы тәрбие алған шәкірттерінде болмақ. Мамандар мәселесіне аса мән беретін оқу орнында бүгінгі күні 200-ден астам оқытушы қызмет етеді. Сондай-ақ бүгінгі жас мамандарға ғылым докторлары, кандидаттар мен магистрлер, «Ы.Алтынсарин» және «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісінің иегерлері, ҚР Мәдениет ісінің үздігі, ҚР Суретшілер, Хореографтар одағының мүшелері және республикалық «Үздік педагог» байқауларының грант иегерлері, халықаралық және республикалық кәсіби байқаулардың жеңімпаздары дәріс беретінін атап өткеніміз артық болмас.

Соңғы жылдардың үлесінде колледж оқытушыларының халықаралық «Шоқан оқулары» байқауында, «Менің инновациялық сабағым» конкурсында, ағылшын тілі мұғалімдерінің «Modern English teacher» сайысында, облыстық «Үздік топ жетекшісі» және «Үздік оқу-әдістемелік кабинет» байқауларында жеңімпаз атанып, облыстық «Жыл ұстазы» аталымын иемденуі колледж мерейін асырды.

– М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі сонау 1932 жылы негізі қаланған кезеңнен бастап оқу орнының ұстаздары үздіксіз кәсіби білім берумен, ғылыммен айналысып, Оқу-ағарту министрлігі ұйымдастыратын республикалық байқауларға тұрақты түрде қатысып келеді. Соның нәтижесінде жыл сайын өтетін тартысты бәйгеге айналған, еліміздегі педагогтардың арасынан ең мықтысын анықтайтын республикалық «Үздік педагог-2022» байқауында сараптамалық комиссиясының шешімімен ұжымымыздың мүшесі, колледждің озат оқытушысы Ұлжан Есмаханова оқ бойы озық шығып, «Үздік педагог-2022» атанды. Сонымен қатар «Филология» бөлімінің оқытушысы Тұрар Дүйсенова республикалық «Үздік педагогикалық эссе» байқауының III орын иегері атанды. Еліміздің білім беру мен ғылымды дамытудың жаңа деңгейге көтерілуі, білім саласындағы жеткен жетістіктерімiз¬ – ұстаздарымыздың нәтижелі еңбегі деп білеміз, – деді колледж директоры Жақсыгүл Тоғанова.

## ТАРИХЫ ТЕРЕҢ...

Бұл білім ордасы 1932 жылы Қызылорда педагогикалық техникумы болды. Одан соң 1935-1936 жылдары Қызылорда педагогикалық училищесі болып аталды. 1937 жылы қысқа мерзімді факультативтік курстарда бастауыш мектеп және жеті жылдық мектептерге әдебиет, физика, математика, тарих, география пәндерінен мұғалімдер даярлана бастады.

Ал 1948-1949 жылдары аралығында 10 қазақ, 4 орыс класында бастауыш сынып мұғалімдері даярланды. 1952 жылдан бастап Алматы қазақ қыздар педагогикалық училищесі мен Қызылорда педагогикалық училищесі біріктіріліп, М.Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесі құрылды. 1986 жылы Қызылорда педагогикалық училищесі болып қайта құрылды. Он жылдан соң Қорқыт ата атындағы гуманитарлық университет колледжі болса, 1997 жылы Қызылорда музыкалық колледжімен біріктіріліп, М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжі аталды.

1999 жылы облыс әкімінің қаулысымен М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжі мемлекеттік қазыналық кәсіпорын болса, 2014-2017 жылдары облыстық білім басқармасының «М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып бекітілді.



## СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ БАСЫМ

Тәуелсіздік жылдарында колледж республикада ең алғашқылардың бірі болып, болашақ мамандардың кәсіби біліктілік деңгейін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру, қажетті мамандар даярлау ісін аймақтың индустриялық-экономикалық стратегиясына сәйкес бейімдеу, білім беру саласындағы жаңа технологиялар мен тың идеяларды оқу-тәрбие процесіне енгізу жұмыстарын қолға алған болатын. Оқу ордасы өзінің даму стратегиясын нақтылап, басты бағыттар бойынша атқарылатын жұмыс ауқымын кеңейте түсті.

– Әрбір жетістігін өткен күннің еншісіне санайтын, жаңа істің бастау бұлағы ретінде білім мен өнер саласына білікті де білімді жас мамандар даярлайтын оқу ордасы 2023-2024 жаңа оқу жылын жаңа белестермен қарсы алды, – деді колледж директоры Жақсыгүл Тоғанова.

Үш ғимараттан тұратын оқу орнының материалдық-техникалық базасы озық елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, заманауи, дизайнерлік үлгіде толық жабдықталған. Сол сияқты колледжде студенттер жатақханасы, әскери-спорт кешені, электронды кітапхана, дыбыс жазу және фото-видео студиялары, «Технология» шеберханасы, «Робототехника», «Цифрлық 3D», «Цифрлық білім беру» және «Мектеп физикасының цифрлық зертханасы», «Студенттерге электрондық қызмет көрсету» және Coworking орталықтары, «Схематехника», «Электроника және электротехника» кабинеттері мен асхана білім алушылар игілігіне қызмет етеді.

Оқу ордасының соңғы жылдары қол жеткізген жетістіктері ретінде «Құзіреттілік орталығы» мен «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығының «Дуалды оқыту алаңының» және Кеңес Одағының батыры М.Мәметованың 100 жылдығы мен ұлағат ұясының 90 жылдық мерейтойы аясында жаңартылған «Білім нұры» педагогикалық сабақтастық галереясы, «Заманауи педагогикалық концепция: креативті идея. Инновациялық тәжірибе, жетістіктер шыңы» және «Ерлік» залдары жаңа оқу жылына жұмысын бастады.

Колледждің оқу-тәрбие процесі толық автоматтандырылған, ол «College SmartNation» электронды платформасы арқылы іске асырылады. Жыл сайын оқу орнының материалдық-техникалық базасы заманауи техникалармен толықтырылды. Оған дәлел, қазіргі күні оқу процесінде 444 компьютер қолданылады, яғни бір компьютерге 6 студенттен келеді. Соңғы үлгідегі интерактивті тақталар және панельдер, мультимедиялық-сандық подиум, «BILIMBOOK» жеке мультимедиялық компьютерлері оқу процесінде тиімді қолданылуда. Оқу кабинеттерінің саны 43-тен 90-ға көбейді. «Кітапхана – мәңгілік парасаттың ең киелі ғимараты» демекші, жаңа оқу жылына кітап қоры 4031 данадан 133535 данаға артқан.



### ЖЕТІСТІКТЕР ЖЕТКІЛІКТІ

***Қазақстанның Ұлттық бизнес рейтинг одағының сараптау қорытындысы бойынша ҚР кәсіпорындар арасында «Даму динамикасы» аталымы бойынша алтын рейтингке, «Өсу қарқыны» аталымына келсек, күміс рейтингке ие болды. Білім сапасын қамтамасыздандыруға орай тәуелсіз агенттігінің «Қазақстандағы педагогикалық колледждердің рейтингі – 2019» қорытындысы бойынша 4-орын, облыстық «Үздік идеялар жарысы – 2021», 2022-2023 жылдары «Үздік білім беру ұйымы» аталымын екі рет иемденді.***



## БІЛІМ МЕН ӨНЕР ҰЛАСҚАН ҰЯ

Колледж түлектері арасында бірнеше спорт түрлері бойынша олимпиада чемпиондары, халықаралық деңгейдегі спорт шеберлері, республикалық және облыстық байқаулар мен пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары бар. Ал өнерімен аймаққа аты белгілі «Нұргүл» халық ән-би ансамблі қазақ өнерін халықаралық деңгейде дәріптеп жүрген шығармашыл ұжым. Сонымен қатар колледждің «Япурай» хор ұжымы «Жұбановтар әуені-2022» халықаралық хор музыкасы фестиваль-байқауында арнайы дипломға ие болды.

### ТАБЫСТЫ ТҮЛЕКТЕР

***1932-2023 жылдары аралығында колледжді 26016 түлек бітірсе, оның ішінде тәуелсіздік жылдарында бітіргені – 19072. Ал олардың қатарында ҚР Білім және ғылым министрі, Парламент сенатының депутаты – Ш.Беркімбаева, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, география ғылымының докторы, профессор – Ә.Бейсенова, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, халық ақыны – Н.Лушникова, Қазақстанның халық әртісі – Б.Әшімова, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі – М.Ералиева секілді майталмандар шыққан.***

– Білім саласы бойынша жылды қорытындылау мақсатында өткізілген кеште үшінші жыл қатарынан облыстық білім басқарма басшысы Асқарбек Есжанов пен облыстық кәсіподақ комитетінің төрағасы Гүлнар Есқалиеваның «Үздік білім беру ұйымы – 2023» аталымымен М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледж ұжымы марапатталды.

Сондай-ақ колледж базасы жаңа 2 мамандықпен толықты. «Логопедия» және «Сандық технология» мамандықтары бүгінгі таңда сұранысы артып келе жатқан мамандық қатарында. Колледж бітірушілері еңбек нарығында үлкен сұранысқа ие. Сонымен қатар бітірушілердің 98 пайызының жоғары оқу орындарына түсуі мен жұмысқа орналасуы колледж абыройын асқақтатып отыр. Бітірушілердің нарықтық кәсіпкерлік қызметті меңгеруі үшін колледж жанынан арнайы ашылған студенттік бизнес-инкубатор арқылы 120-дан астам түлек өз бизнестерін ашып, кәсіптерінің жемісін көруде.

Білім ордасы – талантты жастардың өзіндік айқындамасы бар, нағыз азамат болып қалыптасуына ерекше еңбек сіңірген оқу орны. Оған дәлел, түлектер қатарында ғалым-академиктер, жиырмадан астам ғылым докторлары, 200-ден аса ғылым кандидаттары мен қоғам және мәдениет қайраткерлері бүгінгі 90 жылдан астам тарихи шежіресі бар кемел колледжіміздің мақтаныштары.

«Әркім отаншыл, білімпаз, еңбекқор, тәртіпті, адал, әділ, үнемшіл әрі жанашыр болса, алынбайтын асу жоқ. Абайдың «Толық адам» ілімінен бастау алатын «Адал азамат» тұжырымдамасының түпкі мәні – осы», – деген Мемлекет басшысының сөздерін кәсіби маман даярлауда басты қағида етіп ұстанған, ынтымағы ұйыған, мықты ұжым өркениетті қоғамның заманауи сұраныстары мен талаптарына сай еңбектеніп, көш басынан көріне бермек.

**Білім ордасы – талантты жастардың өзіндік айқындамасы бар, нағыз азамат болып қалыптасуына ерекше еңбек сіңірген оқу орны. Оған дәлел, түлектер қатарында ғалым-академиктер, жиырмадан астам ғылым докторлары, 200-ден аса ғылым кандидаттары мен қоғам және мәдениет қайраткерлері бүгінгі 90 жылдан астам тарихи шежіресі бар кемел колледжіміздің мақтаныштары.**

Тәуелсіздік жылдарында сындарлы сыннан абыроймен өтіп, әлемдік озық тәжірибелерді қолдана отырып, кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырта білген ұжымның бүгінгісі – байыпты, келешегі – кемел. Бұл – жыл бедерінде колледж бағындырған белестердің бір парасы ғана. Төрімізге енген 2024 жыл да бізге үлкен жауапкершілік жүктеп отыр. Ол – осы жеткен жетістіктер жолын одан әрі жаңғырту, жаңа асулардан асып, жаңа белестерді бағындыру, қазақ даласындағы әр шаңырақтың өзімізге аманатталып табысталған үкілеген үміттерін қоғамда орны болатын маман етіп даярлау міндеттемелерін мүлтіксіз орындау, – деді колледж директоры.

Бетті дайындаған **Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ**
Суреттерді түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**




# Жылқы баптаған Жанат

1998 жылдары Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университетінде «Есеп және аудит» мамандығын алдым. 2000-2012 жылдары құрылыс компаниясында басшылық қызметте болдым.

Сол жылдары отбасын асырау, аяққа тұрғызу үшін жеке кәсіпкерлікті бастау керектігін білдім. «Кәсіпкер болсам немен айналысамын, қалай бастаймын?» деген сауал мазалай берді. Ойлана келе пайда туралы алғашқы жылдары ойламай, бел шеше тырбанып, еңбек ету керектігін білдім.

Осылайша 2012 жылдан бастап «Нұрай» жеке кәсібін құрып, мал шаруашылығымен айналыстым. 2022 жылы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ «Еңбек» бағдарламасы арқылы несие алып, 12 бас жылқы алдым.

2023 жылы желтоқсанда «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы арқылы «Ауыл аманаты» бағдарламасымен 7 млн теңге несие алдым. Қазір шаруашылықта 100 бас жылқы, 50-ден аса ірі қара бар. Шаруашылығымыз 700 шаршы метр аумақты алып жатыр» дейді кәсіпкер.

Осы кәсіппен айналысқан жылдары ол жылқы түлігінің қасиеті ұшан теңіз екенін ұғына түскен. Өз кәсібіне шынайы беріліп, тірлік қылса көсегесі көгеріп, ісі оңға басатынына көзі жетті. Шындығында жылқы мінсең көлік, жесең тамақ, ішсең сусын, кисең киім. Жылқының еті де, сүті де дәрі. «Жылқы – жаным, қымыз-қымыраным» деген атам қазақ. Тарихтан белгілі, кей жағдайда аттан құлаған адам аман қалады екен. Тіпті еш жері жарақаттанбаған да кезі болған. Қазақта «Есек тұяғын төсейді, түйе шудасын төсейді, өгіз мүйізін, ат жалын төсейді» деген тәмсіл бар. Бұл тұлпарға тән тазалықтың белгісі. «Жылқының сүті – шекер, еті – бал, исі жұпар, терісі киім, мінсең тұлпар» деп Досбол шешен жылқының халық өміріндегі алатын орнын өте жоғары бағалаған.

Киелі жылқы малын өсіріп, қорасын малға толтырып отырған Жанат жылқының қасиетін де бес саусақтай білетін болып шықты. Ер мінезді қайсар жан ауылдағы үш азаматты жұмыспен қамтып отыр. Әйел затының табиғатына күрделі мал шаруашылығымен айналысу өте қиын. Айына жем-шөптің өзіне миллион теңге ақша керек екен. Шаруашылық ет өндірумен бірге қымыз баптаумен де айналысады. Жақында Жанат Тоқмейілова біздің аймақ атынан Астанада өткен ауыл әйелдерінің форумына қатысып, тәжірибесін республикаға таратып келді. Өзі тұратын Талсуат ауылдық округіндегі тұрмысы төмен отбасыларға көмектесіп, түрлі шараға демеушілік көрсетіп, елдің батасын алып жүр. Бейнетінің рақатын көріп жылқыны асылдандырып отырған Жанаттың бұл кәсіппен айналысқанына да

***Осы кәсіппен айналысқан жылдары ол жылқы түлігінің қасиеті ұшан теңіз екенін ұғына түскен. Өз кәсібіне шынайы беріліп, тірлік қылса көсегесі көгеріп, ісі оңға басатынына көзі жетті. Шындығында жылқы мінсең көлік, жесең тамақ, ішсең сусын, кисең киім. Жылқының еті де, сүті де дәрі. «Жылқы – жаным, қымыз-қымыраным» деген атам қазақ. Тарихтан белгілі кей жағдайда аттан құлаған адам аман қалады екен. Тіпті еш жері жарақаттанбаған да кезі болған. Қазақта «Есек тұяғын төсейді, түйе шудасын төсейді, өгіз мүйізін, ат жалын төсейді» деген тәмсіл бар. Бұл тұлпарға тән тазалықтың белгісі. «Жылқының сүті – шекер, еті – бал, исі жұпар, терісі киім, мінсең тұлпар» деп Досбол шешен жылқының халық өміріндегі алатын орнын өте жоғары бағалаған.***

10 жыл болыпты. Жоқ деп ешкімге алақан жаймай, маңдай терімен отбасын ғана асырап қоймай, атымтай жомарттықтың үлгісін көрсетіп, ауыл халқына да жәрдемдесіп отырған кәсіпкердің берекелі ісіне ел риза. Отбасында 3 қыз, 1 ұл, 4 немере тәрбиелеп, ошағының шамын маздатып отырған отанасы. Балаларының бәрі оқу озаты атанып, жоғарғы оқу орнын бітірген түрлі мамандық иелері. Нағашы атасынан қалған атакәсіпті жоғалтпай, аманатты мұратты іске айналдырып отырған кәсіп иесінің жұмысына береке тіледік.

«Үнемі түсімде жүйрік атқа мініп, шауып жүретінмін. Сол түс маған қанат бітірді ме, әлде нағашы жұртымның малсақтығы маған дарыды ма, есейе келе жас төлдерге қарап қызығатынмын. Олардың ойнақтап жүгіргеніне, желе жортып шапқанына сүйсіне қарап, мен де қорамды малға толтырсам деп армандайтынмын. Оның үстіне нағашы атамның қорасы төрт түлікке толы болатын. Басқа балалардай емес менің жаным соларға жақын еді. Жемін беріп, суын құйып, атам мал жайлағанда ізінде жүретінмін. Тезектің иісінен жиренбей, мал қораға жиі баратынмын. Жақсы көргеніңді төл де біледі. Мен барсам олар мөңіреп, маңырап қашпай жаныма жақындай беретін. Меніңше, табиғатынан малға жақын адам болады. Мен де сондаймын» деп біздің кейіпкеріміз Талсуат тұрғыны, жеке кәсіп иесі Жанат Тоқмейілова ашық-жарқын әңгімесімен бізді баурап алды.

Жүзі жадыраған жайсаң жылқышы қызбен әңгімеміз жараса кетті. Нәзікжанды талдырмаш келген замандасымыз біз тінін тартқан сауалымызға іркілмей жауап берді.

«Халқымыздың ерекше қастерлеп және жанына жақын көрген төрт түлігінің ішіндегі пір тұтқаны – жылқы малы. Халқымызда «қазақ, дала, жылқы» деген сөздер бір-біріне жақын тамырлас та, тағдырлас.

Мен 1975 жылы қазіргі Ұлытау облысының Қаныш Сәтбаев қаласында дүниеге келдім. 1980 жылы отбасымызбен Қызылорда қаласына қарасты Талсуат ауылына қоныс аудардық. 1982-1990 жылдары қаладағы №9 орта мектепте білім алдым. 1990-1993 жылдары қаладағы совхоз техникумда есепші-экономист мамандығын алдым. 1993-

**Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА**

Суретті түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

# ... АЯЗЫ БОЛАР АРТЫНАН

Күн жылыды екен деп жеңіл киінуге әсте болмайды. Бұрынғылар «қыстың әр күні сынақ» дейді екен. Қаңтардың енді ғана табалдырықтан аттағанын назарға алсақ, қыстың қытымыр аязы әлі алда. Синоптиктер 6-8 қаңтарда қыстың тағы да қаһарланатынын айтуда. Нақтырақ айтсақ, «Қазгидромет» РМК 6-8 қаңтар аралығында елімізде -30 градусқа дейін күн суытуы мүмкін деген болжам жасап отыр. Атлантикалық циклон мен атмосфералық фронтальдың әсерінен Қазақстанның басым бөлігінде қар жауатын көрінеді. Мамандардың сөзінше, оңтүстік облыстарда қар аралас жауын болады. Тіпті республика бойынша тұман түсіп, жел күшейіп, кейбір жерлерде көктайғақ күтілуде. Соның ішінде Қызылордада бар. «Солтүстік-батыс антициклон арқылы суық ауа массасы еліміздің батысында, солтүстік-батысында, солтүстігінде және шығысында температураның күрт төмендеуіне әкеледі. Осылайша, түнде батыста және солтүстік-батыста аяз болып, температура -8-25 градусқа дейін төмендейді. Ал елдің солтүстігінде -5-30 градус аяз болса, республиканың шығысында -5-18 градусқа дейін күн суытады. Оңтүстік облыстарда түнде -5, күндіз цельсий бағаны +7 көрсетеді» делінген «Қазгидромет» РМК таратқан хабарламада. 112-ден де Қызылорда облысында қалың тұман мен көктайғақ болатыны жазылған хабарламалар келуде. Қыстың әр күні қаһарлы. Кез келген сәтте ысқырып, кіріп келетінін естен шығармаған абзал.

**«Ақмешіт-ақпарат»**

## ӘБІГЕР ӘЛЕМ

THE WALL STREET JOURNAL.

# Иран: елді есеңгіреткен жарылыс

Мақала басында символикалық мәнді тілге тиек ету тегін емес. Жарылыс болған күн – 3 қаңтар – Қасем Сүлейманидің қаза тапқан мезеті. Осы орайда «Ол кім?» және «Дәл бұл уақта жарылыс жасау неге керек?» деген сауалға жауап іздесек, біршама долбардың ойға оралары сөзсіз. Тіпті трагедия уақыты мен ядролық бағдарлама секілді алшақ тақырыптар да осы тұста түйіседі.



Мәселе мынада. 2020 жылға дейін Қасым Сүлеймани Иранның ядролық бағдарламасын жаңартумен айналысты. АҚШ ел үкіметіне қанша дөң-айбат көрсеткенімен, кері қайтқан Иран жоқ. Ядролық бағдарламаны бейбіт мақсаттан әскери қару-жарақ саласына ойыстырып, Сүлейманиға мүмкіндік берген. Ол болса, «Әл-Құдыс» құрамын жасақтау арқылы теориялық тәжірибеден практикалық алаңға өтуге тырысты. Осы тұста АҚШ қарулы күштері қауырт қимылдап, Қасым Сүлейманиды Бағдатта жүрген жерінде жер жастандырды. Бұл – ресми дерек, АҚШ мойнына алып, мәлімдеген әскери операцияның бірі, 3 қаңтар.

150-ге жуық адамның өмірін жалмаған, 200-ден астам адамды жарымжан еткен дата да – 3 қаңтар. Тағы да ядро көлеңкесі, Қасым Сүлеймани, мүдделер...

Жуырда Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік (МАГАТЭ) Иранды қайта кінәлаған. Уран байыту бағдарламасын дамытқанын сынап, АҚШ, Франция, Германия, Ұлыбритания елдері ашық қарсылық білдірді. Қадамның арты жақсылыққа бармайтынын тікелей де, тұспалдап та жеткізді. Иран сол баяғы қыңырлықпен алған беттен қайтпайтынын мәлімдеген болатын. Парсылардың Таяу Шығыстағы «Хезболла» содырларына астыртын қолдау білдіретінін меңзеген елдер ядролық қару Израиль-Палестина қақтығысын шешуге қолданыла ма деген қауіпте. Жарылыстың Иран ядросының атасына айналған Қасым Сүлейманидің қабірі мен қаза болған уақытына сәйкес келуі күдікті көбейтеді.

Бұған дейін Иранның Сыртқы істер министрі Нассер Канаани ешқандай құқықтық заңсыздық болмағанын, белгіленген ядролық бағдарлама тоқтамайтынын айтқан еді.

«Мемлекеттегі уранды байыту деңгейі 60 процентті құрайды. Бұл жұмыс ел аумағында жүйелі және үздіксіз жүргізілетін болады. Ал қауіпсіздік пен халықаралық келісім жайын Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік (МАГАТЭ) бақылайды», – деген еді.

Саясаттанушылардың тағы бір тармағы жарылысты Израиль тарапының ескертпесі деген тұжырым айтады. Себебі Газа секторындағы әскери операция кезінде ислам мемлекеттері тарапында наразылық күшейді. Израиль жан-жақтағы көршілерімен бұрын да қарулы қатығысқа түскесін «үйреніскен жаудай» жауап қайтарған. Тек қарсылық білдіргендер арасында Иран Ислам Республикасы мен «Хезболла» содырларынан жасқанатынын жасырмады.

Оның себебі де бар. «Хезболла» Таяу Шығыстағы сарбаздары жағынан ең ауқымды ұйым саналады. Оған қоса діни ұстанымы – шиитік ағым. Яғни, Иранмен діни ұстанымы бір деген сөз. Қос тараптың бір-біріне астыртын әскери-экономикалық қолдау білдіруінің сыры да осында жатыр. Жан саны аз «Хамас» ұйымын құрту Израильге түк қиындық тудырмағанымен, «Хезболла» секілді кәсіби әскери ұйыммен текетіресу оңайға соқпайды. Ал бұл жанжалға Иран қосылса, қақтығыстың географиялық аумағы кеңуі әбден мүмкін. Сондықтан НАТО мен Израиль Таяу Шығыстағы содырлар арасына іріткі салып, бірігуге мүмкіндік бермеу үшін «ДАИШ»-пен (ҚР-да тыйым салынған ұйым) жасырын ымыра жасады деген болжам бар. Әрине, бұл – көп нұсқаның бірі ғана.

P.S. Өкініштісі, қаскөйлер мен «үлкен күштердің» саяси көзқарасты қарапайым халықтың өмірін қию арқылы білдіретін әрекеті әлі қалмаған. Ирандағы жүздеген отбасының тағдыры мүдделер қақтығысы жолында құрбан болғанын көріп отырмыз. Мұндай қасіретті тоқтатудың бір жолы әділ қоғам мен сауатты азаматтарды көбейту деген тұжырымға сенгіміз-ақ келеді.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған

**Ерсін ШАМШАДИН**

**Меншік иесі:**
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**Бас директор**
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**

**Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы**

**Бас редактор**
**Азиз БАТЫРБЕКОВ**

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

**Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

**Таралымы 2901** **Тапсырыс №28**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА